

**«Аққу» бөбекжай» КМҚК-ның қамқоршылық кеңес отырысы
ХАТТАМА №5**

Өтілген күні: 03.05.2024 жыл

Қатысқандар: 11 адам

Комиссия мүшелері:

Садыкова Рауана Жумабековна
Семенбаева Ляззат Багдатовна
Баратова Фариза Куттибек кизи
Агулов Саят Женисович
Куттумуратова Фариза Султанбековна
Карсенбаев Амантай Амангельдинович
Уйсэв Амангүл

Шақырылды: бөбекжай директоры м.а. – А.С.Сагындыкова

Бөбекжай есепшісі – Л.В.Ельцова

Бөбекжай медбикесі – Ж.Г.Шертышева

Бөбекжай әдіскер-Л.П.Шакирбаева

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылы кезеңіндегі жұмыс қорытындылары бойынша есеп.
2. Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстарын жоспарлау туралы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық бойынша жұмыс көлемін анықтау.
4. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік қабылдау жұмыстарының көлемін анықтау.
5. Жеңіс күні мен отан қорғаушылар күніне арналған іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу.
6. Балабақшамен қоштасу кешін ұйымдастыруға қатысу.

І ТЫҢДАЛДЫ 2023-2024 оқу жылы кезеңіндегі жұмыс қорытындылары бойынша есеп.

СӨЙЛЕДІ: Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық төрайымы А.А.Карсенбаев сөз алды. Жылына төрт рет жиналыс өтіп, өзекті мәселе туындаса шешіліп отырады. Бірақ қамқоршылық кеңеске жүгінетіндей ешқандай мәселе болған жоқ.

Қамқоршылық кеңес отырыстары

01.09.2023 жылы

09.11.2023 жылы

12.12.2023 жылы

26.03.2023 жылы өткізілді. Онда «Балабақшаны күзгі-қысқы кезеңге дайындау, Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары,

Бала құқығының қорғалу жағдайы, тәрбиеленушілердің ас қабылдау, мәдениетінің негіздерін, салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыптары қаралды.

II ТЫҢДАЛДЫ Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстарын жоспарлау туралы.

СӨЙЛЕДІ: Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы А.А.Карсенбаев сөз алды. 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарын құру туралы айтты.

III ТЫҢДАЛДЫ Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық бойынша жұмыс көлемін анықтау.

СӨЙЛЕДІ: Үшінші мәселе бойынша бөбекжай шаруашылық меңгерушісі А.Б.Саликбаева сөз алды: Балалар бақшасының жер учаскесі, әсіресе қалалық жағдайларда, бұл – ойындардың, серуендер мен сабақтардың орны. Күзде, қыста және көктемде балалар күннің көп уақытын учаскеде өткізеді. Осындай ойын кездерінде балалардың сезіну қабілеті арта түседі.

Гүлбақшада, бақта, бау-бақшада жұмыс істей жүріп балалар коллективті түрде еңбек етуге бейімделеді, еңбекке дағдыланады, олар еңбекті сүйеге, құрметтеуге және тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленеді. Учаскеде балаларды табиғаттың маусымдық құбылыстармен таныстырады, өсімдіктердің өсіп жетілуін және жануарлардың қылықтарын біраз бақылауды ұйымдастырады. Осының бәрі балалардың дүние танымын, едәуір кеңейтіп, өздерін қоршаған өмір туралы білімдерімен байытады, оларды табиғатқа аялай қарауға және ондағы сұлулықты көре білуге тәрбиелейді.

Дұрыс ұйымдастырылған және жақсы көгалдандырылған учаске – балалар бақшаларындағы оқу тәрбие міндеттерін іске асырудағы ең қажетті база болып табылады.

Жер учаскесі көгалдандырылуы және балалар ондағы өсімдіктерді өсіруге, оларды бақылауға күнбе күн қатыса алатындай болып ұйымдастырылуы тиіс. Сондықтан әр жастағы балалар топтарының гүлдік, декоративтік, жемістік, жидектік және овощтық өсімдіктер, сондай – ақ балалар ойнай алатындай шөп те болуы керек. Балалар бақшасының топырақты алаңы жеткілікті болған жағдайда, естияр, ересек топтардың балалары үшін гүлбақша, бау-бақша және бақ ұйымдастырылады. Көгалдандыруға кіріспей тұрып учаскені қоқыстардан және тастардан тазартып аламыз, оны өлшеп, балалар бақшасының барлық топтары үшін оған өсімдіктерді орналастыру жоспарын жасалды.

Бөбекжай айналасы әр күні қоқыстан тазартылып, кедергі келтіретін шөптер тазаланып отырады. Жаз маусымына дайындық 100 пайыз деп айта аламын. Балаар ойнайтын алаңға атап өткенімдей гүлдер отырғызылды. Құм салғыштар, балаар алаңдары құралдары жөнделіп, бояумен сырланды.

IV ТЫҢДАЛДЫ Білім беру ұйымдарын мемлекеттік қабылдау жұмыстарының көлемін анықтау.

СӨЙЛЕДІ: Төртінші мәселе бойынша бөбекжай директор м.а. А.С.Сагындыкова сөз алды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Карсенбаев А.А. балаларды балабақшаға электронды портал арқылы жолдама алып балабақшаға тіркеледі. Балабақша әдіскерімен бірге қамқоршылық кеңесінің мүшесі Садыкова Р.Ж. қабылдауға қатысып кезектегі балалардың жіберілуін бақылағанын айтты. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшаға балаларды қабылдау өз заңдылығына сәйкес жүргізілгенін атап өтті.

Шешім:

1. Ата-аналар қауымдастығын бөбекжай аумағын алдағы оқу жылына дайындауға шақыру.

Жауаптылар: комиссия мүшелері

Мерзімі: сәуір-мамыр 2023-2024 жж.

2. Балабақшадағы гүлзарларды көгалдандыру үшін гүл көшеттерін сатып алу.

Жауаптылар: комиссия мүшелері

Мерзімі: сәуір-мамыр 2023-2024 жж

3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы қанағаттанарлық

Қамқоршылық кеңестің төрайымы



А.А.Карсенбаев

Хатшы



А.Е.Рахимжанова